




2026 ЖЫЛҒЫ ЖАЗҒЫ МАУСЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ ОРТАША МӘНІ МЕН АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН МӨЛШЕРІНІҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ БОЙЫНША МАУСЫМДЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ

Бюллетень мемлекеттік органдарды, салалық ұйымдарды, ғылыми қауымдастықты және басқа да мүдделі пайдаланушыларды Қазақстан аумағындағы қазіргі климаттық жағдайлар туралы жедел ақпараттандыруға арналған.

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылдың жазында орташа маусымдық ауа температурасы **климаттық нормадан 2,15 °C-қа жоғары болды.**
- Жауын-шашын мөлшері климаттық **нормадан 7,12 мм-ге аз болды.**



1-сурет – 1941–2026 жж. кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша жазғы орташа ауа температурасы (а) (°C) пен атмосфералық жауын-шашын (б) (мм) аномалияларының уақыттық қатарлары.
Аномалиялар 1991–2020 жж. базалық кезеңіне қатысты есептелді

АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ

2026 жылдың жазында Қазақстанның басым бөлігінде ауа температурасының оң аномалиялары байқалды.

Жаз мезгіліндегі орташа ауа температурасы климаттық нормадан $2,15^{\circ}\text{C}$ -қа жоғары болды және 2026 жылдың жазы бүкіл бақылау кезеңіндегі ең ыстық жаз болды (1-ранг) (1а-сурет).


Ауа температурасының ең жоғары оң аномалиялары Ақмола, Қарағанды облыстарының шығысында, Павлодар облысында, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігінде және Абай облысында байқалды. Климаттық нормадан ең жоғары оң аномалия $+4,0^{\circ}\text{C}$ құрады және ол Қарағанды облысындағы Бес-Оба МС-да тіркелді.

«Экстремалды жылы» градациясына елдің батыс өңірінен басқа аумағының басым бөлігінде орналасқан метеостанциялардың 73 %-ы жатқызылды, аспау ықтималдығы 95–100 % құрады (2-сурет).

Атырау облысының оңтүстігінде, Маңғыстау облысының солтүстік-шығысында, Ақтөбе, Қостанай облыстарының басым бөлігінде және Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қызылорда облыстарының батысында, сондай-ақ Түркістан облысының тау бөктеріндегі аудандарында орналасқан метеостанциялар «жылы» градациясына жатқызылды, мұнда аспау ықтималдығы 75–95 % құрады.

Климаттық нормаға жақын температуралық режим Батыс Қазақстан облысында, Атырау облысының басым бөлігінде және Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының батысында байқалды. Ауа температурасының $-0,1$ -ден $-0,6^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі теріс аномалиялары Батыс Қазақстан облысындағы 5 станцияда, Ақтөбе облысындағы 2 станцияда және Маңғыстау облысындағы 1 станцияда байқалды.

2026 жылдың жаз мезгілінде 102 метеостанцияда ауа температурасының максимумдары жаңартылды (1-кесте).



2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы жазғы орташа айлық ауа температурасы ($^{\circ}\text{C}$) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

1 кесте. 2026 жылғы тамыз айындағы ауа температурасының орташа айлық рекордтық мәндері

№	Метеостанция	Облыс	Ауаның орташа айлық температурасының жаңа максимумы, °С	Ауаның орташа айлық температурасының алдыңғы рекорды, °С
1	Ақжар	Абай	24,3	22,6 (2008 ж.)
2	Ақсуат		24,7	22,7 (2025 ж.)
3	Аягөз		22,9	21,7 (2024 ж.)
4	Бақты		25,5	24,2 (2025 ж.)
5	Баршатас		23,7	22,5 (1998 ж.)
6	Дмитриевка		22,7	21,2 (2024 ж.)
7	Жалғызтөбе		23,5	22,4 (2024 ж.)
8	Қайнар		21,3	20,3 (1998 ж.)
9	Қарауыл		23,2	21,8 (2024 ж.)
10	Көкпекті		23,3	21,7 (1998 ж.)
11	Семей		23,2	22,5 (1998 ж.)
12	Семиярка		24,5	23,2 (1998 ж.)
13	Ұржар		24,6	23,4 (1974 ж.)
14	Шалабай		23,1	21,9 (2024 ж.)
15	Шар		23,3	22,1 (2024 ж.)
16	Жаңаарқа	Ұлытау	23,9	22,8 (1998 ж.)
17	Жезқазған		25,6	25,2 (1998 ж.)
18	Жетіқоңыр		26,2	25,8 (2023 ж.)
19	Қызылжар		25,2	24,6 (1998 ж.)
20	Аршалы	Ақмола	22,5	21,8 (1998 ж.)
21	Астана		23,5	22,5 (1998 ж.)
22	Көкшетау		22,1	21,6 (1998 ж.)
23	Қорғалжын		23,0	22,7 (1998 ж.)
24	Ақсу-Аюлы	Қарағанды	22,0	21,6 (1998 ж.)
25	Балқаш		26,1	24,6 (2025 ж.)
26	Ақтоғай		21,5	21,1 (1998 ж.)
27	Бектауата		25,1	23,9 (2025 ж.)
28	Бес-Оба		21,3	20,5 (1998 ж.)
29	Жарық		22,1	22,0 (1998 ж.)
30	Қарағанды		22,7	22,0 (1998 ж.)
31	Кертінді		23,1	22,2 (1998 ж.)
32	Қызылтау		22,6	21,2 (1998 ж.)
33	Корнеевка		21,4	20,5 (1998 ж.)
34	Сарышаған		26,5	25,4 (2025 ж.)
35	Ауыл №4	Алматы	27,1	26,2 (2025 ж.)
36	Бақанас		27,6	26,6 (2024, 2025 жж.)
37	Есік		24,4	24,4 (2025 ж.)
38	Жалаңаш		19,1	18,6 (2025 ж.)
39	Кеген		17,5	17,1 (2025 ж.)
40	Құйған		27,0	26,1 (2025 ж.)
41	Қырғызсай		23,5	23,2 (2025 ж.)
42	Мыңжылқы		9,5	9,4 (2025 ж.)
43	Нарынқол		17,8	17,2 (2025 ж.)
44	Ұзынағаш		24,1	24,0 (2025 ж.)
45	Шелек		27,1	26,8 (2025 ж.)
46	Ақсеңгір	Жамбыл	25,6	25,4 (2025 ж.)
47	Мойынқұм		26,9	26,7 (2023 ж.)
48	Саудакент		27,4	26,7 (2025 ж.)
49	Тараз		26,2	26,2 (2025 ж.)
50	Төле би		27,7	26,2 (2025 ж.)
51	Ойық		28,0	27,7 (2025 ж.)
52	Хантау		28,5	28,2 (2025 ж.)
53	Шығанақ		27,6	26,8 (2025 ж.)
54	Шоқпар		27,0	26,8 (2025 ж.)
55	Арыс	Түркістан	30,0	29,9 (2021 ж.)
56	Ащысай		26,3	26,2 (2025 ж.)
57	Жетісай		28,1	27,9 (2024 ж.)
58	Тасты		28,8	28,3 (2025 ж.)
59	Түркістан		30,0	29,7 (2025 ж.)
60	Шардара		29,9	29,7 (2025 ж.)

№	Метеостанция	Облыс	Ауаның орташа айлық температурасының жаңа максимумы, °С	Ауаның орташа айлық температурасының алдыңғы рекорды, °С
61	Шолаққорған	Шығыс Қазақстан	27,8	27,3 (2025 ж.)
62	Ақтоғай		26,5	25,2 (2024 ж.)
63	Зайсан		26,0	24,4 (1998 ж.)
64	Марқакөл		16,5	15,0 (2024 ж.)
63	Қатонқарағай		19,3	17,9 (2008 ж.)
64	Күршім		23,7	22,5 (1998 ж.)
65	Лениногорск		18,8	18,5 (1998 ж.)
66	Самарка		24,0	22,9 (1974 ж.)
67	Теректі		24,2	23,2 (1974 ж.)
68	Тұғыл		24,6	23,4 (1998 ж.)
69	Үлкен Нарын		22,7	21,8 (2008 ж.)
70	Өскемен		23,0	21,6 (2024 ж.)
71	Шемонаиха		22,5	21,3 (1998 ж.)
72	Ақтоғай	Павлодар	23,1	22,3 (2012 ж.)
73	Баянауыл		22,7	21,7 (1998 ж.)
74	Голубовка		23,1	22,3 (2012 ж.)
75	Екібастұз		24,0	22,6 (1998 ж.)
76	Ертіс		22,4	22,3 (2012 ж.)
77	Жолболды		23,5	22,6 (1998 ж.)
78	Көктөбе		23,6	22,8 (1998 ж.)
79	Красноармейка		24,1	23,0 (1998 ж.)
80	Лозовая		22,6	21,7 (1998 ж.)
81	Михайловка		22,2	21,6 (2012 ж.)
82	Павлодар		23,3	22,4 (2023 ж.)
83	Успенка		23,5	22,2 (1998 ж.)
84	Шалдай		23,3	22,6 (1998 ж.)
85	Шарбақты		23,8	22,5 (2012 ж.)
86	Федоровская		22,5	22,1 (2012 ж.)
87	Алакөл	Жетісу	26,5	25,2 (2025 ж.)
88	Жалаңашкөл		27,9	26,7 (2025 ж.)
89	Жаркент		25,8	25,7 (2023 ж.)
90	Қапшағай		27,0	26,6 (2025 ж.)
91	Қоғалы		19,6	19,4 (2025 ж.)
92	Лепсі		19,2	18,7 (2025 ж.)
93	Матай		27,0	26,2 (2008 ж.)
94	Сарқанд		24,6	23,9 (2025 ж.)
95	Сарыөзек		24,1	23,7 (2025 ж.)
96	Үшарал		26,7	25,4 (2025 ж.)
97	Үштөбе		25,7	25,2 (2025 ж.)
98	Возвышенка	Солтүстік Қазақстан	21,1	20,9 (1998 ж.)
99	Чкалово		22,0	21,0 (2012 ж.)
100	Явленка		21,0	20,8 (1989 ж.)
101	Кызылорда	Кызылорда	29,4	29,2 (2021 ж.)
102	Шиелі		28,5	28,0 (2025 ж.)

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН

2026 жылдың жазында түскен жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан 7,12 мм-ге аз болды.

Жаз мезгіліндегі жауын-шашын аномалияларының уақыттық қатарын талдау құрғақшылық және ылғалды кезеңдердің кезектесіп отыратынын көрсетеді, бұл ретте соңғы екі жылда жауын-шашын тапшылығы байқалады (16-сурет).

2026 жылдың жазы Қазақстан аумағы бойынша жауын-шашынның біркелкі таралмауымен сипатталды.

Климаттық норманың 120 %-нан асатын жауын-шашын мөлшері негізінен елдің батыс өңірлерінде, жергілікті түрде Солтүстік Қазақстан облысында, Ақмола облысының солтүстік бөлігінде, сондай-ақ Павлодар, Қостанай, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Қарағанды, Алматы облыстарында ошақты түрде байқалды (3-сурет). Бейнеу (Маңғыстау облысы), Сағыз (Атырау

облысы), Ильинский (Ақтөбе облысы), Пресногорьковка (Қостанай облысы), Тимирязево (Солтүстік Қазақстан облысы), Ертіс (Павлодар облысы) метеостанцияларында ылғалдану жағдайы экстремалды ылғалды деп сипатталды және 5 % экстремумға сәйкес келді.


Климаттық нормаға жақын (80–120 %) жауын-шашын мөлшері Қостанай облысының солтүстігі мен оңтүстігінде, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарының шығысында, Ұлытау облысының батысында, Қызылорда және Жамбыл облыстарында, сондай-ақ елдің батысы, оңтүстігі мен шығысының жекелеген аумақтарында байқалды.

Жауын-шашын тапшылығы Павлодар, Шығыс Қазақстан және Алматы

облыстарының басым бөлігінде, сондай-ақ Абай және Жетісу облыстарында байқалды. Жауын-шашын тапшылығының жергілікті аймақтары елдің батыс, солтүстік, солтүстік-шығыс, орталық, оңтүстік-батыс және оңтүстік өңірлерінде де байқалды.

Аспау ықтималдығы 0–5 % болатын «экстремалды құрғақ» градациясына сәйкес келетін маусымдық жауын-шашын мөлшерінің мәндері он метеостанцияда тіркелді. Жаланашкөл МС-да (Жетісу облысы) жазғы айлардың барлығында жауын болмады.

Кейбір метеостанцияларда жауын-шашын мөлшерінің жаңа максималды мәндері белгіленді: маусымда – 5 МС-да, шілдеде – 1 МС-да.



3-сурет. 2026 жылғы жазғы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген норма % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)

«Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығының
Климатты зерттеу бөлімімен дайындалды (Астана қ.)

Орындаушылар:

Ж. Дюсенова – жетекші ғылыми қызметкері

Е. Аманулла – жетекші ғылыми қызметкері